

<i>Ортаңғы топ.</i>	ЦИКЛОГРАММА				
<i>Апта нөмірі</i>	№19				
<i>Күндері</i>	10 - 14.01.2022				
<i>Өтпелі тақырыптың атауы</i>	Аңдардың қысқы тіршілігі				
<i>Мекеменің атауы, тобы</i>	ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы», ортаңғы топ «Еркетай»				
<i>Педагогтің аты-жөні</i>	Курманбаева Ж.К.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру; балалардың балабақшада өздерін ұстауы жайлы ақпарат беру.				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел үстіне оқу қызметіне керекті құралдарды, түрлі-түсті қарындашты және педагогтің дайындаған материалдарын тарату; оқу қызметінен соң оларды жинап алу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Серуеннен кейін етікті кір мен қардан қалай тазарту керектігін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Тәрбиешінің көмекшісіне төсек жабдықтарын орналастыруға көмектесуге кезекшілер тағайындау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Тәрбиешінің көмекшісіне лас сүлгілерді жинастыруға көмектесуге ынталандыру.

Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны. Мақсаты: үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету.	"Ұқсайды - ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын. Мақсаты. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту. Ойын ережесі: екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді. Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу.	"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын. Мақсаты. Дидактикалық міндеті: балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі: суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршаққа ұлттық киімді киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау.	"Қалаға саяхат" үстел үсті ойыны. Мақсаты. Дидактикалық міндеті: балалардың туған қаласы туралы білімдерін бекіту: онда кімдер тұрады, еңбек етеді, қандай транспорт түрлері бар, қала қалай безендірілген. Ойын ережесі: өз тобына тапсырмаларға сәйкес суреттерді таңдау: адамдар, көлік, еңбек, қаланы безендіру. Ойын әрекеттері: суреттерді іздеу. Белгі бойынша әрекет ету.	"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны. Мақсаты. Дидактикалық міндеті: балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу. Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады. Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүрісін өткізіп алмау.
Таңғы жаттығу	Кешенді жаттығулар Бойыңды сергек тік ұста, (бойларын тік ұстайды) Демінді ішке тез ал да. (демін ішіне тартады) Емін-еркін тыныста. (терең дем шығарады) Сол қолыңды соз алға, (сол қолын алға созады) Қол ұшын қара да (қолын жоғары көтереді) Үшбұрыш сыз ауада, (сол қолымен үшбұрыш сызады) Оң қолда бос тұрмасын, (оң қолды алға созады) Шеңбер жасап зырласын. (оң қолымен шеңбер сызады)				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Кезекшілерді тағайындау; майлықтарды тәрелкелердің жанына қою немесе майлық салатын арнайы ыдысқа қою іскерліктерін жетілдіру; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				

Ойындар, оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Қонжық неге ақырады?" ертегісін әңгімелеу. Мақсаты. Балаларды "Қонжық неге ақырады?" ертегісімен таныстыру, ертегі желісінде кездесетін аюдың, қонжықтың қыстағы тіршілігі, дыбыстау ерекшелігі жөнінде мағлұмат беру. Сурет салу "Ақ қоянды жасырайық". Мақсаты. Балаларды сюжеттік сурет салудың ережелеріне үйрету; қағаздың сол жағында алдын-ала салынып тұрған тіке сызықты жасыл борша арқылы шырша бейнесіне айналдыруға, жанына қылқалам арқылы ақ қоян бейнесін салуға үйрету. <i>Саусақ жаттығуы.</i> <i>"Қоян құлағын түріп".</i> Дене шынықтыру "Маубас аю". Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; допты	Музыка "Аю мен түлкі". Мақсаты. Балаларды жабайы аңдар туралы әнді қызығушылықпен тыңдай отырып, әннің сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; әнді айтуда ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдары мен аңдар қимылдарын дербес орындауға үйрету; музыкалық аспап қасықпен жатық ойнау қабілетін дамыту. <i>"Орамалдармен жасырыну" ойыны.</i> Математика негіздері "Орман тұрғындарының іздері". Мақсаты. Балалардың екі қарама-қарсы заттардың ені бойынша тұтастырып, салыстыру дағдыларын жетілдіру, нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; оң жақ пен сол жақты ажырату қабілетін дамыту, саны айрықша геометриялық пішіндерден биіктігі	Көркем әдебиет "Қасқыр мен жеті лақ" ертегісі. Мақсаты. "Қасқыр және жеті лақ" ертегісімен таныстыру; балаларға әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс – тұрысын талдауға баға беруге үйретуді жалғастыру. <i>Дидактикалық ойын: "Ертегі кейіпкерлерін тап".</i> Дене шынықтыру "Аю ұйықтағанды жақсы көреді". Мақсаты. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін жетілдіру; әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдыларын дамыту; доғаның астымен өрмелеуге үйрету; өрмелеу кезінде епті, жылдам болуға тәрбиелеу. <i>"Кім жылдам?" қимылды ойыны.</i> Вариативті компонент Қатынас Ертегі әлемінде Тақырыбы: «Түлкі, түлкі, түлкішек».	Құрастыру "Қоян мен Түлкі көрші". Мақсаты. Балаларды білеу, текше, призма, арка сияқты құрылыс материалдары арқылы екі көлемде қақпалар жасауға үйрету; білеулерді тік қойып, арасын аркамен жауып, үстінен призманы қойып, шатырды жасауда жаттықтыру; құрылыстың тұрақтылығы жөнінде ұғымдарды жетілдіру. <i>Құрылыс нәтижесімен ойнату.</i> Музыка "Қасқыр туралы". Мақсаты. Балаларды музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатына қарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталау; музыкалық аспап қасықпен ойнау қабілетін қалыптастыру. <i>«Музыкалық қаташық» ойыны.</i> <i>Дидактикалық ойын: "Аюды құрастыр".</i>	Жаратылыстану "Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігі". Мақсаты. Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігіндегі өзгерістер арқылы балалардың жабайы табиғат өкілдеріне қызығушылық бастамаларын арттыру; көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілеті мен зейінін және дүниетанымы мен ойлауын дамыту. <i>"Қонжықты әлдилейік" ойын рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру "Жануарлар қалай қыстайды?" Мақсаты. Балаларда допты алысқа лақтыруда бастапқы тұрған қалыпты қабылдау және бөрененің үстімен тез адымдап жүру техникаларын бекіту; оқу қызметін пысықтау. <i>"Жануарлар жүрісін сал" қимылды ойыны.</i>
---	--	---	---	--	---

	алысқа лақтыруда бастапқы тұру қалпын қабылдауға үйрету. <i>"Допты дәлден лақтыр" қимылды ойыны.</i>	екі түрлі қарапайым бейнелерді құрастыруда жаттықтыру; есте сақтау, ақыл-ой мен қабылдау қабілеттерін дамыту. <i>Үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы. "Пішіндерден сурет салайық".</i>	Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, рөлдерге бөлу, фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, ой-белсенділігін арттыру. Балалардың көркемдік, эстетикалық талғамын дамыта отырып, белсенділікке тәбиелеу. Ертегіге терең еніп, сұрақ – жауап арқылы тіл байлықтарын дамыту көзделеді.		
--	---	--	--	--	--

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Суықторғайларды бақылау. Мақсаты: суықторғайлардың пайда болуы, әдеттері туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдарды сыпырғышпен сыпыру.) Мақсаты: жұмыс тапсырмаларын орындауға жаттықтыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы", "Қояндар мен қасқырлар". Мақсаты: өрмелеу, баспалдақтан секіру, жүгіру жаттығулары. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, моториканың дамуына ықпал ету (жүгіру, секіру, қар кескіндерін нысанаға лақтыру).	Қардың түсуін бақылау. Мақсаты: маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу). Мақсаты: жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жылқылар", "Бақалар". Мақсаты: педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауға үйрету; зейінді дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.	Ауа райын бақылау. Мақсаты: маусымдық құбылыс - көктайғақ туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру; бақылау дағдыларын дамыту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдардағы қарды тазарту). Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жоғары?", "Мені тап". Мақсаты: ережелерді қатаң сақтай отырып, оңай секіруді, ойнауды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Ұлпа қарлар". Мақсаты: бірқалыпты қозғалуды үйрету.	Қарғаны бақылау. Мақсаты: қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі жолдардан қар мен қоқыстарды тазарту.) Мақсаты: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар" Мақсаты: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айналып жүгіруге машықтандыру.	Көліктерді бақылау. Мақсаты: жерүсті көліктері туралы білімдерін кеңейту (олардың жіктелуі, мақсаты). Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдарды, орындықтарды қардан тазарту.) Мақсаты: аумақты қардан тазартуда ересектерге көмектесуге деген ықыласты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аңшылар мен бұғылар". Мақсаты: қозғалыстарды бір-бірімен үйлестіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, нысанаға лақтыру, лақтыру кезінде бастапқы позицияны дұрыс қабылдау қабілетін бекіту.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, қолдарын жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				

Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Мысықтың ашулануы (тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Зообақ" сюжетті-рөлді ойын. Мақсаты: зообақта өзін-өзі ұстау ережелерін үйрету; жануарлар туралы, қоректенуі мен әдеттері туралы білімдерін кеңейту; сөздік қорын (жануарлардың атауларын) дамыту; жануарларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Педагог балаларға хайуанаттар бағына экскурсияға баратындарын хабарлайды және олардың бұл жер туралы білетіндіктерін біледі. Балаларды билет сатып алу және оны тексерушіге ұсыну тәртібімен таныстырады. Түсіндіруден кейін бұл жағдайды балалар ойнайды. Ойынның негізгі бөлігі хайуанаттар бағындағы мінез-құлық ережелерімен танысу	"Шаштараз" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру; шаштаразшының еңбегімен таныстырып, оның қызметін атқаруға үйрету.	"Дүкен" сюжеттік-рөлдік ойыны. Мақсаты: балаларға өз бетінше дүкенші мен сатып алушының қызметін орындауға; бір-біріне ізеттілік таныта сөйлеуге үйрету.	"Жәндікті ата" үстел үсті ойыны. Мақсаты: балалардың жәндіктер туралы білімдерін толықтыру.	Драматизация. "Түлкі мен қоян" ертегісін конус театрын пайдаланып сахналау.

	және сол жерде кездесетін жануарлар туралы әңгімелеу. Жыртқыштармен жұмыс кезінде қауіпсіздік шараларын сақтаудың маңыздылығына балалардың назарын баса аудару қажет.				
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Лақтыр да ұстап ал" (2-3 рет ойнатылады). Мақсаты: балаларды допты лақтыруға және оны ұстап алуға жаттықтыру. Барысы: балалар ойын алаңында еркін отырады, бәрінің қолында доп бар. Педагогтің белгісі бойынша балалар допты жоғары лақтырып, оны ұстап алады. Әркім қанша рет жасай алатынын санайды.				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Жаңылтпаштар айтқызу. Аппақ, аппақ, бәрі аппақ, Ақ қар аппақ, бәрі аппақ. Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ Ақ сүт, айран, қант та аппақ.	Саусақ жаттығуы. "Қоян". Қоян өмір сүріпті (алақандарын соғады). Ұзын құлақ (құлақтар - жұдырықтан балаң үйрек (сұқ саусақ) және ортан терек саусақтарын жоғары көтереді және төмен түсіреді; шылдыр шүмек пен кішкене бөбекті бас бармақпен басып тұрады). Қоян тонып қалды (алақандарын бір-біріне үйкелейді). Мұрны тонып қалды (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады). Құйрығы тонып қалды (құйымшақты сипайды). Жылынуға кетті (алақандарын бір-біріне үйкелейді). Балалардың үйіне (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады). Сол жақта жылы (алақандарын соғады).	Сергіту сәтін айтқызу. 1 дегенде тұрайық, 2, 3, 4 – алақанды соғайық, Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Біз жүгіріп алайық. 5 дегенде асықпай, Орнымызды табайық.	Саусақ жаттығуы. Апам үшін күнде мен (әндете), Отынға ағаш жарамын (ағаш жарғандай). Су құямын гүлге де (гүлге су құйғандай), Дүкенге де барамын (қолдарына сөмке ұстап жүру), Сыпырамын үй үшін (сыпырғандай), Жуам ыдыс-табақты (ыдыс жуғандай). Жылай қалса бөпемді (бөпені ұстағандай), Жұбатамын ойнатып (қолдарын шапалақтайды).	"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларда өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, бір-біріне деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Барысы: педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу.	Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру.	"Үлкендерге құрмет" тақырыбында әңгімелесу.	Жаднама: "Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері".	Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелер.